

## • Өшпес даңқ

*Вень смерти В.И. Ленина. Был Бұл күні Сатар шәкірттерімен ұрға да бармай, ауылдан зарыға қой, қоңісіздеу күй кешеді. Алты жылдан әскери жасадай, әскери ірыңғай сұрқай өмір кімді де айтпай ма?! Былай қарағанда, сивыр құймышақтапын бітпей л сұм соғыстың аяғында да өңсіз жайлар болғанға ұқсайды: күні Совет Одағының батыры, ұрков ойда-жоқта өзін-өзі атып а». Күйінін білдіреді.*

*жылдың 23 ақпанындағы н орысша нұсқасын келтірейік: инал член военного совета 25 ерал-майор... Вручил там же тузова и 2/3 бригады орден Радостный день. Теперь у дейский знамя прикреплен 3 ы тұстағы «2/3» дегендегі «2» әрті екені белгісіздеу екенін, жазғанымды ашық айтуға сенмен, Сатар майдангердің мшесі ордендер иеленгені анық ыр.*

Қанда да сол Хейдзиода болады. алайды. Әр жерде кісі өлтіру Соғыстың соңғы үні өшер беретін әскери мектебі халық өтеді. Қалада коменданттық ізу С. Ысқақовқа тапсырылады. асылай сырғи бергенге ұқсайды. ағы сақталмаған. Сондықтан, ауынгер Сатардың соғыстан ті елге қайтарылғаны мәлім . осы 1946 жылы елге оралды ға әбден болады. Соғыстың нын күнделігі арқылы көз п. Сатар сарбаздың осындай от е аман орағанына таңқаласың, Мен бала шағымда ардақты ел жаужүрек майдангер Сатар көзін көріп, аз-кем тілдесіп есі бақыты санаймын. Бірақ, ы мектепті бітіріп, Алматыға нная кейін соғыс ардагері зты көрмедім десем болады. летін атам да сол жылы дүние а бір келгенімде, әжемнен скен жолдасы, әрі інісі Сатар іп едім: «Е-е, Сатар ағандай әрдің бағасын білетін адамдар айды ғой. Зейнетке шығып, ісі болып істеп жүр. Отбасы

## Раушан ӘБДЖҰЛОВА. Жетпіс бес жыл сақталған күнделік

қамы ғой. Анда-санда: «Жеңеше, қалайсыз?» – деп төбе көрсетіп қояды. Өзі дімкөстау ма, қалай?..», – деді. Бұдан әрі қозғамадым. Ұзақ жылдардан кейін абзал азаматтың өзі де, аяулы жары Мариягүл апайдың да дүниеден өткенін естідім. Артында қалған ұлы Рахат, қыздары Рая мен Ләззат аудан орталығы Шуға қоныс аударыпты. Жақында майдангердің ұлы Рахатты іздеп тауып, телефон арқылы хабарластым. Шүкір, айбынды сарбаздың немере-шөберелері бар екен. Сұрағымға орай, Рахат ардақты әкесі Сатар Ысқақовтың 1988 жылы 69 жасында дүниеден өткенін айтты. Бірақ, мен содан бергі уақытта Жамбыл облысы Шу ауданының Ақсу ауылында өмір сүріп, қызмет еткен майдангер Сатар Ысқақовтың есімі ешбір ескерусіз-елеусіз қалғанын сезіндім.

Ал, Сатар Ысқақовтың ұрпақтары ғана емес, қалың Шу елі сонау Ұлы Отан соғысының қан майданында от пен су кешіп, қандыауыз басқыншылармен бетпе-бет шайқаста айбарын асыра білген, батыстағы фашист пен шығыстағы самурайды жеңу жолында жер төсеніп, мұз жастанса да қазақ деген батыр бабаларының намысын бермей, елге жеткенде де елеулі еңбегімен ел ағасы бола білген, бекзат мінезді, білімдар азамат, қабырғасы қайыспас қайсар майдангер Сатар Ысқақовтың асыл бейнесін алдағы Ұлы Жеңістің 75 жылдығында ғана емес, қашанда ұмытпай, ұрпаққа үлгі етер деген сенімдеміз. Себебі, бейбіт өмірде де елеулі еңбек еткен, қан майданда да қажыр танытып, сандаған медальдар мен екі бірдей Даңқ орденін иеленген С.Ысқақовтың рухы бүгінгі таңда қандай құрметке де лайықты болса керек.

Жалпы, біз осы мақаламызда даңқты ардагер С.Ысқақовтың Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында табылған, осыншама уақыт бойы майдангердің өзі туған ауылында жатса да, көптің көзіне ілінбеген құнды да құпия, жүрек қаны, көз жасы тамған күнделік-мұрасының жалпы мазмұнын, мемлекеттік соғыс мұрағаттарына қажетті майдан шындығы жайлы деректерін және күнделік иесінің жан сезімі мен мәнді ойларын барынша толық беруге тырыстық. Сөз соңында айтарымыз, майталман майдангер Сатар Ысқақовтың 75 жыл сақталған қолымыздағы сап-сары сарбаздай сарғайған күнделігін мемлекеттік мұрағатқа табыстауды жөн көреміз.

## • Мәселе

### ПАНДЕМИЯ ТАҒЫЛЫМЫ

2020 жыл бүкіл адамзаттың тағдыры бір-бірінен оқшау емес екенін айқын аңғартумен басталды. Қытайдың Ухань қаласында лап еткен жаңа вирус бар-жоғы бірнеше айдың көлемінде әлемнің ең шалғай деген өлкесінің өзін қауіп-қатер ошағына айналдырды. Әлем елдері қауырт дамыған жаңа технологиялар заманында өмір сүре отырып, адамның ақыл-ойынан туған ғылым мен техниканың да күші шектеулі екенін анық сезінді. Дүниежүзі бойынша барлық дерлік елде жарияланған карантин режиміне тап болған әр адам бұған дейінгі үйреншікті тіршілік ортасының қаншалықты нәзік, қаншалықты осал екеніне көзі жетті. Ұзақ уақыт бойы өз өмірінің тек өз қолында екеніне сенімді болған адам баласы мүлде басқа уақыт пен кеңістік сынағының қысымында қалды. Ешқапан өзгерместей көрінетін күнделікті тіршілік бірден, бір-ақ күнде басқа сипат алды. Алып қалалардың мыңдаған адам ағылған көшелері қаңырап сала берді, өйткені, тосыннан келген қауіпті дерттен қорғанудың жалғыз тәсілі – өзгелерден оқшаулану, үйде отыру болып шықты. Сәт сайын жаңа вирустың пырмауына ілінгендердің статистикасын үреймен күткен жұрт бұл сынақтың құрығынан құтылудың амалы табылатынына деген үмітпен жаңа жағдайға бейімделуге көшті. Елде карантинге байланысты төтенше жағдай жарияланды.

Наурыз айының ортасында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел халқына үндеу жариялады. Мемлекет басшысы дүниежүзінде корона-вирус індетінің күннен-күнге ушығып бара жатқанын айтып, бұл дерттің біздің елімізде де тіркелуіне байланысты Қазақстан аумағында төтенше жағдай енгізілетінін жеткізді. Бастапқыда 30 күн деп белгіленген карантиндік шараға орай Президент жанынан Мемлекеттік комиссия құрылды. Қоғамдық тәртіп қатаң бақылауға алынып, көпшілік іс-шаралардың барлығы уақытша тоқтатылды. Бұл шешім бүкіл халықтың қауіпсіздігі, олардың денсаулығын сақтау үшін қабылданды. Мектеп оқушылары мен студенттер қалықтан оқыту жүйесіне көшірілді. Қазақстан аумағына кіруге және шығуға шектеу қойылды. Нұр-Сұлтан және Алматы сияқты ірі қалаларда қоғамдық тәртіпті сақтау қатаң қадағалауға алынды. Елді мекендер арасында өткізу бекеттері құрылып, санитарлық режим күшейтілді.

(Жалғасы 68-бетте)